Анықтама

Қатысушылар: Балалар және тәрбиеші.
Күні: 08.10.2026 жыл
Қатысқандар: 19
Тақырыбы:«Бала және гаджет: цифрлық қауіпсіз орта»

Мақсаты: Балаларға гаджеттерді қауіпсіз әрі тиімді пайдаланудың маңызын түсіндіру,интернеттегі қауіп-қатерлерден сақтану дағдыларын қалыптастыру. Ата-аналарға цифрлық қауіпсіз туралы практикалық кеңестер беру.

Телефон, планшет, компьютерді пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Бейтаныс адамдармен интернет арқылы сөйлеспеу, жеке мәліметтерді, құпиясөздерді және фотосуреттерді бөгде адамдарға жібермеу керектігі айтылды. Сонымен қатар экран уақытын шектеу, үзіліс жасау және гаджетті ата-ананың бақылауымен пайдалану жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Балаға төрт қысқа цифрлық ережені үйретіңіз

1. Бейтаныс адамға жауап бермейміз
2. Аты-жөнімізді, мекен-жайымызды ешкімге айтпаймыз
3. Түсініксіз суреттерді ересек адамға көрсетеміз
4. Рұқсатсыз ештеңе жүктемейміз

Қорытындысы:

Практикалық кеңес барысында балалар гаджеттерді қауіпсіз қолдану ережелерімен танысып, интернетте сақ болудың маңызын түсінді. Балалар өз ойларын айтып, сұрақтарға жауап берді. Цифрлық ортада қауіпсіз әрекет ету және гаджетті тиімді пайдалану туралы пайдалы ақпарат алды.

Хатшы: Сайәділ.Ж.Р

